

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ



№ _____

Павлодар қаласы

город Павлодар


**«2025 жылға арналған орта
білім беру ұйымдарының білім
алушыларына арналған маусымдық екі
апталық перспективалық мәзірді бекіту туралы»
бұйрыққа өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» №320 қаулысы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы «Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарын бекіту туралы» № ҚР ДСМ-302/2020 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті төрағасының 2024 жылғы 25 желтоқсандағы «Мектептің үлгілік перспективалық мәзірін бекіту туралы» № 135-ҰҚ бұйрығы, Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының 2025 жылғы 24 шілдедегі «Жергілікті атқарушы органдардың қаражаты есебінен тамақтануды жүзеге асыратын мектептерде 2025-2026 оқу жылына арналған төрт апталық маусымдық перспективалық мәзірді бекіту туралы» № 437-Ө бұйрығына және Павлодар облысы білім беру басқармасының «ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІ» мемлекеттік мекемесінің 2025 ж.17 қыркүйектегі № 1-03/435 бұйрығына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Павлодар қаласының Жетекші орта білім беру мектебі» КММ-нің білім алушыларына арналған 2025 жылға енгізілген өзгерістерді ескере отырып, осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес төрт апталық маусымдық перспективалық мәзір бекітілсін.
2. Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, тамақтану құны келесідей белгіленсін: 6-10 жас аралығы – 690 теңге (ҚҚС-сыз), 11–14 жас аралығы – 784 теңге (ҚҚС-сыз), 15–18 жас аралығы – 851 теңге (ҚҚС-сыз).
3. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.М.Далабаева мен әлеуметтік педагог Ж. К. Жанабаева жүктелсін мәзірге енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты ата-аналар мен заңды өкілдерге жеткізу тапсырылсын.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



Д.К.Муратов